

**«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі 2020 – 2021 оқу жылында жүргізілген тәрбие
жұмыстарының есебі.**

«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2020–2021 оқу жылында 30 сынып комплекті болды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

Бірінші бағыт-Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Максаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын Білім күніне арналған салтанатты жиын «Қазақстаным-жүрегім, Түркістаным-тірегім» тақырыбы аясында өткізілді..

Барлық сыныптарда оқушыларға «Мәңгілік ел» патриот азаматы екенін ұғындыру мақсатында «Түркістан–түркі әлемінің мәдени орталығы» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

Жалпыға бірдей білім беру заңына сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтылуы бойынша жұмыс жүргізілді. Мектепке қабылданғандардың арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалар, әлеуметтік қауіпті жағдайлардағы отбасындағы балаларды анықтау мақсатында жұмыс жүргізілді. .

Барлық сыныптарда «Қауіпсіз мектеп» акциясы шеңберінде оқушыларды техника қауіпсіздігі және жолда жүру ережесімен таныстырылып, сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаттары, сайыстар, викториналық сұрақтар алдынды.

Қыркүйек айында «Отбасы күні» мерекесіне байланысты және 1 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында ата-аналар жиналысы өткізіліп, жиналысқа 1-8 сынып ата-аналары қатысты. Жиналыста директордың ТЖ орынбасары Ж. Жунисов ата-аналарды отбасы мерекесімен құттықтап, отбасы тәрбиесіне байланысты видеороликтер көрсетіп, ситуациялық сұрақтар қойылып, пікір алмасты. Ата-аналар да белсенді қатысып өз ойларын айтып, толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Қыркүйек айының жоспары бойынша 1-4 сынып аралығында «Оқушы ережесінің сақталуы» тақырыбында ұлдар, қыздар жиналысы өткізілді. «Жас қыран» ұйымының көшбасшысын, «Парламент» жастар ұйымының президентін, ұлдар ұйымының жетекшісін, қыздар ұйымының жетекшісін сайлау және мектеп формасы, ішкі тәртіп ережесімен таныстыру мақсатында ұйым жетекшілер жиналыс өткізді.

5-11 сынып оқушыларымен «Бала біздің болашағымыз», «Кәсіп үздігі», «Туған жер тарихын ұмытпайық», «Темекі шегуге, ішімдік ішуге қарсымыз», «Кәмелетке толмағандар арасындағы темекіге, ішімдікке әуестіктіктің алдын алу туралы», «Кәмелетке толмаған балаларға смартфондарды, гапмторды қолданудың кері әсерлері, денсаулыққа зияны туралы», «Керағар дінденден сақ болайық» тақырыптарда және Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының мақсаты мен бағыт-бағдарын түсіндіру бойынша жиналыстар болып өткізілді.

5 қыркүйек- Қазақстан халықтарының тілдері күн мерекесі «Жаңа ғасыр таланттары» апталық өткізілді. Апталықтың мақсаты: Тіл заңының орындалуын қадағалау, еліміздің болашағы- жастардың мемлекеттік тілді кеңінен қолдануын насихаттау, тіл – тпудықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең ұрпаққа ұғындыру. Апталық барысында «Мәңгілік елдің — мәңгілік тілі» тақырыбында дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары өтілді.

ДПЖО М.Жамалбекова «Имаңдылық-инабаттылық айнасы» тақырыбында 4 сынып оқушыларымен жиналыс өткізді. Жиналысқа ауыл имамы қатысты. 4-сынып жетекшілер «Батырлар рухына әрқашан бас иеміз!» сынып сағаттарын өткізді.

Қарашаның 11-15 аралығында Ұлттық Валюта күніне байланысты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында 1-8 сынып жетекшілері әр сыныпта сынып сағаттарын өткізіп, ДПЖО Ж.Жунисов «Ұлттық Тенге-ұлт мақтанышы» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Мақсаты оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беру, ұлттық валютаның маңызын, ел үшін мақтанышын түсіндіру.

Қарашаның 26-сі мен 30-ы аралығында «Рухани жаңғыру» аясында ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған іс-шаралар жоспарланып келесілерідей іс-шаралар өткізілді.

Қарашаның 25-29-ы күндері 1-4 сынып жетекшілері Тұңғыш Президент күніне арналған ашық тәрбие сағатын өткізді. Қарашаның 26-28 аралығында 3-4 сынып оқушыла арасында «Елін сүйген- Елбасы» тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, үздік эссе иелері марапатталды.

Қарашаның 27-28 аралығында 3-4 сыныптар арасында тақырыптық газет байқауы ұйымдастырылып, ең үздік қабырға газет иегерлері деп танылған 4 «Б» сынып оқушылары марапатталды.

Желтоқсанның 10-13 аралығында «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында ҚР Тәуелсіздігіне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Желтоқсанның 10-15 аралығында 5-11 сынып жетекшілері Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттарын өткізді.

Желтоқсанның 13-і күні ДТДЖО Ж.Жунисов 4-сынып оқушыларын сағаттантты түрде Жас Қыран Ұйымына қабылдады, жиын соңы «Тәуелсіздіктің ақ таңы атып келді» тақырыбында мерекелік іс-шараға барлығы 40 оқушы қатысып, ауыл тұрғындары мен ата-аналар қонақ болды. Мақсаты оқушыларды азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеу.

ДТДЖО М.Жамалбекова 9- сынып оқушыларының сынып жетекшілерімен «Ауғанның отты жылдары» тақырыбында апталық өткізілді ҚР- ң БҰҰ –на мүше болып қабылдануының 27 жылдығына орай «Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың арманы» тақырыбында оқушылармен сынып сағаттары өткізілді. Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай «Ер есімі – ел есінде» тақырыбында сыныппаралық және ашық тәрбие сағаттары, музыкалық әдеби кеш, сурет сайыстары өткізіліп жеңімпаздар марапатталды. 1-12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны бойынша жасалған іс-шаралар негізінде жұмыстар атқарылды.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Қыркүйек айында «Отбасы күні» мерекесіне байланысты және I сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналары қатысты. Жиналыста директордың ДТДЖО Ж.Жунисов ата-аналарды отбасы мерекесімен құттықтап, отбасы тәрбиесіне байланысты видеороликтер көрсетіп, ситуациялық сұрақтар қойып пікір алмасты. Ата-аналар да белсенді қатысып өз ойларын айтып, толғандырған сұрақтарына жауап алды.

22 қыркүйек «Қазақстан Халықтарының тілдері күні» мерекесіне орай қыркүйек айының 16-23 күндері апталық өткізілді. Апталықтың **мақсаты:** Тіл заңының орындалуын қадағалау, еліміздің болашағы- жастардың мемлекеттік тілді кеңінен қолдануын насихаттау, тіл – татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең

ұрпаққа ұғындыру. Апталық барысында «Мәңгілік елдің — мәңгілік тілі» тақырыбында дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары өтілді.

ДТДЖО М.Жамалбекованың ұйымдастыруымен қарттар күніне арналған «Қарттарға қамқорлық – ертеңге деген ізгілік» тақырыбында музыкалық әлеби-кеш өткізді. 8 «Ә» сынып жетекшісі «Қарттар-асыл қазына» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. ДТДЖО М.Жамалбекова халықаралық ұстаздар күніне орай «Ұстаз – ұрпақ мақтанышы» атты мерекелік кеш өткізді. «Жас қыран» ұйымының қатысуымен «Менің ұстазым осындай!» тілектер байқауы болып, өлеңдер оқылып, ұстаздарға ән арнады. «Жас ұлан» ұйымының оқушылары «Армысың, алтын күз» мерекесін өткізді.

Аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмек беру, қайырымдылық қасиетін ояту мақсатында әлеуметтік педагог Ү.Сапарова «Қайырымдылық» акциясы аясында қайырымдылық жәрменкесін ұйымдастырды. Жәрменкеден түскен қаржыны аз қамтылған отбасы балаларына қыстық киім алып беру ұйғарылды.

Қараша айында рухани адамгершілік тәрбие бағытында 3-4 сынып арасында «Дін тәрбие дінгегі» атты тақырыпта апталық өткізілді. Апталық барысында «Әдептілік - адамгершілік бастауы» тақырыбында сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Адам сұлулығы неде?» еркін тақырыпта 3-4 сыныптар арасында шығарма байқауы болды. «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты тақырыпта 3 сынып оқушылар арасында сурет байқауы болды. ДТДЖО Ж.Жунисов «Ислам діні – ұлт тірегі» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларымен сұхбат өткізіліп, оқушылармен кері байланыс болып, өзге жат ағымдағы діндерден аулақ болуға керектегі айтылды.

Қаңтар айында 7- сынып жетекшілері «Ұрпақтар сабақтастығы дәстүр жалғастығы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Ақпан айында 1-4 сынып жетекшілер «Адамгершілік асыл қасиет» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Сәуір айында педагог-психологтар «Адамгершілікке бастар жол» тақырыбында 5сынып оқушыларымен тренингтер өткізді.

Мамыр айында барлық сынып ата-аналар жиналысы болып, жылдық қорытынды жұмыстар есебі «Балаларды жазғы демалысқа жіберудің жағдайларын қарастыру», «Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету», «Табиғатқа саяхат», «Алдымызды жаз» сияқты мәселелер талқыланды. «Білім алушылардың жазғы демалыс-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру» бойынша ата-аналар жиналысында талқыланып, жаз айларында балалардың қайда, қанша лагерьге баратынын жоспарлады. Сыныптардың тәрбие жұмысын, сыныптан тыс іс - шараларды қорытындылау мәселелері қаралды.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Осы тұрғыда 2020- 2021 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қойылған тәрбиенің мақсаты: ұлттық құндылықтарға жеке құрмет көрсету, туған және мемлекеттік тілдерді құрметтеу, қазақ халқының мәдениеті, этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу.

Жоспар бойынша қазан айында тарих пәні мұғалімдері «Бауыржан Момышұлы-қазақтың қаһарман ұлы» тақырыбында тәрбие және дамыту сабақтарын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Оңтүстік Қазақстанның ескерткіштер тарихы» тақырыбында жобалау технологиясы бойынша шығармашылық-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ұлттық тәрбие негізі отбасынан басталады. Осы тұрғыда әр сынып жетекшісі ата-аналармен де жұмыстар жүргізеді. Отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері; туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер туралы сынып жетекшілері балаларға түсініктер беріп отырды. Осы өткізілген шаралардың арқасында оқушыларымызды өз еліне деген мақтанш сезімінің көрінісі және этникалық сәйкестілік, туған және мемлекеттік тілдерді білу; өз халқының мәдени мұрасы; қазақ және оның халқының салт-дәстүрлері; Қазақстанның этномәдениеті; этносаралық татулық пен келісім туралы білімдері қалыптасды. Іс-шара негізінде 20 ақпан «Тарихқа тағзым күні» негізінде мектеп фойесіне бойынша көрме ұйымдастырылып, көрменің мақсаты оқушыларға түсіндірілді. Қазақтың салт-дәстүрлері мен Оңтүстік Қазақстанның киелі жерлері бойынша қабырға газеттері ұйымдастырылды.

Оқушыларға ұлттық тәрбие беруде Наурыз мерекесінің өткізілуі үлкен рөл атқарады. Мектепте жыл сайын Наурыз мерекесі ата-аналар, оқушылар және мектеп-ұжымының қатысуымен жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, өткізіліп отырылды. Наурыз мерекесінде ұлттық салт-дәстүрлер сахналық қойылымдар дәріптеліп, оқушылар арасында ұлттық ойындар ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылардың көктемгі демалысы кезінде тарихи-танымдық өлкетану мақсатында 3-4 сынып оқушыларымен Отырар, Шымкент және Түркістан қалаларына саяхат жасалды.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Қыркүйек айында отбасы күніне орай «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жарымы» атты тақырыпта бірыңғай сынып сағатын өткізу мақсатында іс-шара жоспары жасалынды. Жоспар бойынша төмендегі жұмыстар атқарылды. Мектеп

фойесіне «Менің отбасым-ең керемет!» тақырыпта мерекелік газеттер мен буклеттер шығарылды. «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жарынысы» атты тақырыпта бірыңғай сынып сағатын өткізудегі мақсаты бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны ерекше екендігін, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдылыққа тәрбиелеу. Осы мақсатта 1-4 сыныптар арасында «Бақытты адам өз үйінде бақытты», 5-8 сыныптар арасында «Менің отбасымның естелік күндері» және 9-11 сыныптар арасында «Мықты отбасы-мықты мемлекет» тақырыптарында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Педагог-психолог П.Исаеваның ұйымдастыруымен «Отбасы, мектеп және қоғамның ынтымақтастығы» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізді. Тренинг барысында «Тәрбие жанұядан басталады» және «Отбасының рухани құндылықтары» ата-аналармен пікір алмасу болды. «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: өз балана үлгі бөл» тақырыбында 1-4- сынып оқушыларының ата-аналарына психология-педагогикалық кеңестер берілді. 15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай 5-8 сыныптармен «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер туралы сынып сағаты, 9-11 сыныптармен тақырыбында «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» сынып сағаттар өткізілді. «Ұрпақ жақсысы ұядан» және «Менің отбасымның естелік күндері» тақырыбында үлгілі отбасы туралы бейнероликтер жасалды.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

9-11 сынып оқушыларымен Мамандық таңдай білесіз бе? тақырыбында жыл бойы жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: Оқушылар мен мұғалімдер оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету. Мұғалімдер, жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен таңдауға мүмкіншілік беруін түсіндіру. Балалардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Оқушының болашақ мамандық таңдауға деген қарым-қатынасына талдау жасау, мамандық таңдаудағы оқушылардың қызығушылығы мен қабілеті және мамандық таңдаудағы жанұя- ның әсері бойынша сұрақтары бойынша оқушылар ой алмасулар болды.

Көгалдандыру мен санитарлық тазалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында өткізілген сенбілікке мектеп оқушылары мен ұжымы белсенді қатысып отырады. Мектеп маңындағы ағаштардың түскен жапырақтарын тазалап, ауласын сыпыру жұмыстары атқарылды. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп ауласы көрікті, әрі таза. Мектеп маңына бос жерлерге ағаш егілді. Сенбілік кезінде мектеп оқушылары берілген учасітк жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап,

мектебіміздің тазалығына өз үлестерін қосты. «Жасыл ел»бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді.Оқушылардың экологиялық сауаттылық мәдениетін дамыту мақсатында кестеге сай сынып сағаттары өтті. «Қайырымдылық» акциясы кезінде 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәтті тағамдар жәрмеңкесі» өткізіліп, түскен қаражатқа аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға оқу құралдарын алып берілді. Сыныпаралық сайыстар «Ең таза, гүлдендірілген сынып» тақырыбында өткізілді. 4 сынып жетекшісі ұйымдастыруымен «Қазіргі заманның экологиялық проблемалары» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Оқушылардың белсенді ойлау қызметін, ақыл – ойы мен білімге құштарлығын дамыту мақсатында түрлі интеллектуалды сайыстар мен басқа да іс – шаралар ұйымдастырылды.

Зияткерлік тәрбие мен ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылықты орната отырып 9 сыныптарда жоспар бойынша тәрбие шаралары сынып сағаттары өтілді. Оқушылардың өзін –өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологы үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, Кітап-ақылның, әрі досың, «Ана тілін құрметтейік», «Кім білгір,кім алғыр?» 7-8 сыныптарда «Ойлы болсаң, озып көр» , «Білім биржасы» зияткерлік ойындары, «Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі - кітапхана» дөңгелек үстел, «Ғаламторсыз өмір мүмкін бе?» 5-6 сыныптар арасында «Ақпараттық мәдениет негіздері» тақырыбында тәрбие сағаттары, пікірталас ,өткізілді . Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар болып тұрды. Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер мен спорт секцияларына 368 оқушы қатыстырылды.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Ер бала арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихында, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу. Осы

мақсатқа орай мектебімізде ұлдармен мен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ұлдар ұйымында 16 ұл жұмыс жасайды.

8-11 сынып ұл балаларымен «Әке-бәйтерек, бала-жанырақ», «Ұл бала мен қыз бала сыйластығы», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» тақырыптар жиналыс өткізілді.

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орынын таба білуіне жәрдем беру, сырласу алға қойылған жөн.

Ұйымның мақсаты: Ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашаға жарқын қыздар тәрбиелеу.

Осы мақсатқа орай мектебімізде қыздармен жұмыстар жүргізіліп отырады. Қыздар ұйымында 12 қыз жұмыс жасайды. Ұйымның жетекшісі мектеп психологы П.Исаева «Салауаттылық салтымыз баяндама» оқылып қыздардың мектеп формасын киюлерін, шаптарына ақ бағтиқ тағуларын ұсынылды. «Қыздар сұлу көрінер қалыңмен» қыздарға арналған қарапайым кеңестер берілді. «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» баяндама оқылып талданды. «Қыздың көркі шап» оқушы қыздарға арналған шап сән үлгісі туралы пікірталасу өтілді. «Сен қалай өсіп жетілесің» қыздарға арналған кеңестер берілді. Қыз балалардың бойына әдемілік пен адалдықты және тапқырлық пен ақылдылықты дарыту мақсатында төменгі сыныптар да «Көктем аруы-2020» қыз сыны байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Денсаулық күніне орай 5-11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, көңіл күйді көтеру, сыныппен бірге ұйымшылдықты сезіну мақсатында «Спорт денсаулық кепілі» тақырыбында флэш-моб байқауы ұйымдастырылып өткізілді. «Салауатты өмір сүру дегеніміз не?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 8-10 сыныптар арасында футбол жарысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ тоғызкұмалықтан және шахматта жарыстар өткізілді. Күзгі марафон ұйымдастырылып өткізілді. «Денсаулық - 2020» денсаулық фестивалі аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалім 10-сынып оқушыларының әкелерінің қатыстырумен «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында сыныпаралық кіші футбол сайысын ұйымдастырды. Сайыс нәтижесінде 10 «А» сынып әкелері жеңіске жетті.

Мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында алдымен оларды дене тәрбиесі сабағына қызықтырып, спорттық үйірмелерге тарту жұмыстары жүргізілді.

Күзгі, қысқы және көктемгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында спорттық сайыстар өткізіліп отырды. Мектеп медбикесі оқушылармен жұпалы аурулардың алдын алу бойынша үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп кестеге сай диеталар алады. Оқушылардан зиянды әдеттердің алдын алу бойынша сауалнамалар алынды.

Жазғы сауықтыру лагерінің қорытынды есебі

Мектептің оқу-тәрбие жоспары мектепте 27.05-06.06 аралығында 1-7 сынып оқушылар арасында тамақсыз лагерь ұйымдастырылды. Лагерьде 58 оқушы демалды. Оқушылар 4 топқа бөлінді. Лагерьде түрлі спорттық, мәдени, сурет сайыстары өткізілді. 1 маусым «Балаларды қорғау күні» мерекесі кең түрде аталып өтілді. Ауыл мәдениет үйінде концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, балаларға тәтті тағамдар таратылды. Аудан көлемінде орналасқан лагерьлерде әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар демалды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың орындалуы туралы

Есебі

1. Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұратын оқушылар жоқ.
2. Мектеп ішілік есепте тұратын оқушылар жоқ.
3. 2020-2021 оқу жылында және бұрынғы оқу жылында діни сенімдерге байланысты діни атрибуттары бар киім қолданатын оқушылар жоқ.
4. Өзге дінге сенетін оқушылар жоқ.
5. Тәртіпсіздік бойынша лидер оқушылар жоқ.
6. Суицид бойынша 2020-2021 оқу жылында тіркелген оқушы жоқ.
7. Суицид жоқ.

Жыл басында мектепте балалар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 2020-2021 оқу жылына арналған іс-шара жоспары жасалып, бекітілген және Арыс аудандық ішкі істер басқармасы, мектеп полиция инспекторымен біргелікте, құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша атқарылатын жұмыстар жоспары жасалынды.

Жалпыға бірдей білім беру заңына сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтылуы бойынша жұмыс жүргізілді. Мектепке қабылданғандардың арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалы, әлеуметтік қауіпті жағдайлардағы отбасындағы балаларды анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша айына бір рет 5-11 сынып оқушыларымен жиналыстар өткізілді. Жоспар бойынша төмендегі жұмыстар

атқарылды. «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп директоры Ә.Жунисовтың қатысуымен 3-4 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. Педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларынан «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша анонимдік сауалнама алынды. 2020 жылдың 08-18 қараша айында барлық сыныптарда «Отбасындағы тәрбие мен рухани ахуал» және «Отбасында әкенің ролі» тақырыбында жиналыс өткізілді. 1-4 сынып оқушыларына сынып сағаттарында сынып жетекшілер тарапынан Бала құқықтары туралы БҰҰ-ның Конвенциясының негізгі ережелері түсіндірілді. Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Ж.Жунисовтың ұйымдастыруымен қазақ халықында бала тәрбиесінің ерекшеліктері туралы ардагерлер кеңесінің төрағасы Н.Қалиев және ауыл имамы Т.Қазыбаевтың қатысуымен «Имандылық тәрбие негізі» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді. 2020 жылдың 13 қараша күні «Қазіргі және болашақ: әр бала үшін қорғалған балалық шақ» тақырыбында бырыңғай сабақтар өткізілді. Педагог-психолог П.Исаеваның ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында психологиялық тренинг сабағын өткізді, 3-4 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын ұстанатын отбасыларды насихаттау барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Игібаев «Көңілді старт» сайысы өткізді. «Менің құқығым» тақырыбында 9 сыныптар арасында сынып сағаты. Әлеуметтік педагог Ұ.Сапарованың ұйымдастыруымен «Балалар игілігі үшін» қайырымдылық акциясы өткізіліп, екі қыз балаға қысқы аяқ киім берілді. 1-4 сынып оқушыларымен «Менің отбасым» тақырыбында сурет сайысы ұйымдастырылды.

«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2020-2021 оқу жылында ата-аналармен өткізілген іс-шаралар туралы

АНЫҚТАМА

Мектепте жыл басында іс-шара жоспары жасалып, іс-шара негізінде жұмыстар атқарылды. Оқу жылы басында барлық сыныптарда ата-аналар комитетінің құрамы сайланып, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында, өткен оқу жылының қорытындысы талқыланып, жаңа оқу жылының ата-аналар комитетінің құрамы сайланды.

Мақсаты: Баланы қорғау, сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру.

Құндылықтары: Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету.

1. Отбасы мен мектепке ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.
2. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.
3. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін күшейтуде үнемі жәрдемдесу.
4. Сынып ұжымы дәстүрлерінің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу

1. Ауыл шаруашылық жұмыстарының басталуына орай ата-аналарға, оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бала еңбегін заңсыз пайдаланбау туралы жан-жақты кеңестер беріліп, қолданыстағы заңнамалар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп таныстырылды.

2. Мектепте кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта ата-анасынан қарауынсыз жүруінің алдын алу мақсатында барлық ата-аналардан тіл-хат алынды.

3. Ата-аналарға «Жолда жүру ережелері» туралы «Балаларға қауіпсіз өмір сыйлайық» атты жоспарымен таныстырылып, жолда бала сақ жүруіне, абай болуына ата-аналарға үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

4. Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде мектеп «Отбасы-бақыт мекені» атты тақырыпта аталық өткізілді.

5. «XXI ғасырдағы ата-ана Қазақстандық ата-ана: Өз балана үлгі бол» тақырыбында 1-4,

5-8, 9-11 сынып ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында жиналыстар кезең-кезеңімен өткізіліп, сауалнама алынып, видеороликтер көрсетіліп, тренингтер өткізілді.

Жиналыс барысында ата-ананың міндеті неде? Қазіргі заманғы ата-аналар әрқайсысы өз отбасында бала дамуы мен тәрбиесі үшін оңтайлы жағдайлар жасап қана қоймай, сонымен қатар мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен тұрақты түрде өзара әрекет етуі тиіс екендігі айтылды.

6. «Балаңыздың өмірі мен денсаулығы сіздің қолыңызда!» атты тақырыпта ата-аналарға арналған жадынамамен таныстырылды.
7. 1-Қазан Қарттар күніне орай «Қазыналы қариялар» тақырыбында іс-шаралар өткізілді. Оқушылардан құрылған «Жас қолқанат» ұйымының көмегімен ауылдағы жалғызбасты қариялардың үйлеріне барып үй шаруаларына қолғабыс етіп көмек берді.
8. Әр тоқсан қорытындысы бойынша барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізіліп, тоқсан барысындағы оқушылардың сабақ үлерімі, тәртібі қаралып және техника қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.
9. Жаңа жыл мерекесі кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында ата-аналармен жиналыстар өткізіліп қауіпсіздік ережесімен таныстырылды.
10. 5-10 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Бала тәрбиесінде ата-ана белсенділігі-қоғам дамуының негізгі факторы» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа ата-аналар комитетінің төрағасы А.Қошқаров, ауыл имамы Т.Қазыбаев, ауыл ардагері Ж.Еркеев қатысып, барлығымыздың бала жауапкершілігіне бейқам қарағандықтан орын алып жатқандығын атап өтіп, бала тәрбиесіне ең бірінші үлдіксіз ата-ана тәрбиесінде болуы керектігі айтылды.
12. Мектебімізде өткізілген іс-шараларға ата-аналар тартылып, белсене қатысты. Атап айтсақ дәстүрлі мерекелік іс-шараларға (Қарттар күні, Ұстаздар мерекесі, Тәуелсіздік мерекесі, Жаңа жыл мерекесі, Наурыз мерекелеріне) қатысты.